ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ ДАМУ
МИНИСТРЛІГІ ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ
ЖӘНЕ МЕТРОЛОГИЯ КОМИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ПО ИНВЕСТИЦИЯМ
И РАЗВИТИЮ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КОМИТЕТ ТЕХНИЧЕСКОГО
РЕГУЛИРОВАНИЯ И МЕТРОЛОГИИ

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

2017 ж. 17.11. № 325-од

Астана қаласы город Астана

О некоторых вопросах стандартизации

В соответствии с пунктом 31 Правил разработки, согласования, учета, утверждения, экспертизы, изменения, отмены и введения в действие национальных стандартов, предварительных национальных стандартов, классификаторов технико-экономической информации, за исключением военных стандартов на товары (продукцию), работы и услуги военного и двойного назначения, утвержденных приказом исполняющего обязанности Министра индустрии и новых технологий Республики Казахстан от 28 декабря 2012 года № 495, подпунктом 5) пункта 1 приказа исполняющего обязанности Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 28 июля 2015 года № 818 «О некоторых вопросах утверждения правовых актов» и на основании Решения научно-технической комиссии технического регулирования и метрологии Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 16 ноября 2017 года № 22, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить и ввести в действие с 1 июля 2018 года национальный стандарт СТ РК «Прокладки резиновые и резинотканевые для рельсовых скреплений. Технические условия».
2. Установить переходный период для ГОСТ 10585-99 «Топливо нефтяное. Мазут. Технические условия» до 1 июля 2018 года.
3. Ввести в действие изменение №1 к ГОСТ 10585-2013 «Топливо нефтяное. Мазут. Технические условия» с 1 декабря 2017 года.
4. С 1 января 2019 года отменить национальный стандарт СТ РК 2252-2012 «Прокладки резиновые и резинотканевые нашпальные для железобетонных и деревянных шпал. Технические условия».
5. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на заместителя председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан Есенбекову Жанну Рашидовну.
6. Настоящий приказ вступает в силу со дня подписания.

Председатель **Г. Дугалов**

004070

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ ДАМУ
МИНИСТРЛІГІ ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ
ЖӘНЕ МЕТРОЛОГИЯ КОМИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ПО ИНВЕСТИЦИЯМ
И РАЗВИТИЮ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КОМИТЕТ ТЕХНИЧЕСКОГО
РЕГУЛИРОВАНИЯ И МЕТРОЛОГИИ

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

2017 ж. 17.11 № 325-од

Астана қаласы город Астана

Стандарттаудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің міндетін атқарушысының 2012 жылғы 28 желтоқсандағы № 495 бұйрығымен бекітілген «Әскери және қосарланған мақсаттағы тауарларға (өнімге), жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге әскери стандарттарды қоспағанда, ұлттық стандарттарды, алдын ала ұлттық стандарттарды және техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін әзірлеу, келісу, есепке алу, бекіту, сараптау, өзгерту, күшін жою және қолданысқа енгізу» қағидасының 31-тармағына, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының «Құқықтық актілерді бекітудің кейбір мәселелері туралы» 2015 жылғы 28 шілдедегі № 818 бұйрығының 1-тармағы 5) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті Техникалық реттеу және метрология жөніндегі ғылыми-техникалық комиссиясының 2017 жылғы 16 қарашадағы № 22 шешімінің негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. ҚР СТ «Релсті бекітуге арналған резеңке және резеңке-мата төсемдер. Техникалық шарттар» ұлттық стандарты бекітілсін және 2018 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілсін.

2. ГОСТ 10585-99 «Мұнай отыны. Мазут. Техникалық шарттар» қолдану мерзімі 2018 жылғы 1 шілдесіне дейін ұзартылсын.

3. ГОСТ 10585-99 «Мұнай отыны. Мазут. Техникалық шарттар» №1 өзгерісі 2017 жылғы 1 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілсін.

4. ҚР СТ 2252-2012 «Темір-бетон және ағаш шпалдарға арналған шпалдық резеңке және резеңке-мата төсемдер. Техникалық шарттар» ұлттық стандарттардың күші 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының орынбасары Жанна Рашидқызы Есенбековаға жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға **Ғ. Дугалов**

004071